

Электр энергетикасы объектілерінің мемлекеттік акциялар пакетін мүліктік жалға беру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 маусымдағы N 921

"Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 P960663 _ қаулысына сәйкес және электр энергетикасы объектілерін 1997/98 жылғы күзгі-қысқы жұмыс режиміне әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп "Атырауэнерго" акционерлік қоғамын "Атырау электр тарату желісі компаниясы" және "Атырау ЖЭО" екі дербес акционерлік қоғамға бөлу жолымен қайта ұйымдастыру жөнінде заңда белгіленген тәртіппен шаралар қабылдасын;

акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру департаментіне сату үшін бұрын берілген мемлекеттік акциялар пакеті 1-қосымшаға сәйкес қайтарып алынсын;

Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен және облыстардың әкімдерімен бірлесіп жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың, мемлекеттік акциялар пакетін кейін акциялардың 60 процентіне дейін сатуға, оның ішінде:

электр станцияларын - 1997 жылғы 1 шілдеге дейін;

<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 6-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.08.01.

N 1206 қаулысымен.

P971206_

2. 2-қосымшаға сәйкес құрамда жұмыс тобы құрылсын.

Жұмыс тобы 1997 жылғы 10 маусымға дейінгі мерзімде аймақтық электр тарату желісі компаниялары мен электр станцияларының берешектерін қайта құрылымдау тетігін әзірлесін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 4 маусымдағы
N 921 қаулысына
1 қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеті мүлдіктік жалға
берілетін акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

| Объектілерді тендерге
Акционерлік қоғамдардың атауы | дайындауға жауапты органдар

Электр станциялары

"Ақтөбе ЖЭО" АҚ	Облыс әкімі, Мемлекеттік мүлік және активтерді басқару департаментінің аумақтық комитеті
"Талдықорған ЖЭС" АҚ	Бұл да
"Жылу орталығы" АҚ (Қызылорда 6-ЖЭО)	Бұл да
"Шымкент 1,2-ЖЭО" АҚ	Бұл да

Электр тарату желісі компаниялары

"Ақтөбе ЭТК" АҚ	Бұл да
"Жамбыл ЭТК" АҚ	Бұл да
"Жезқазған ЭТК" АҚ аудандық АҚ-мен	Бұл да
"Батыс Қазақстан ЭТК" АҚ	Бұл да
"Қызылорда ЭТК" АҚ	Бұл да
"Қостанай ЭТК" АҚ	Бұл да
"Маңғыстау ЭТК" АҚ	Бұл да
"Павлодар ЭТК" АҚ	Бұл да
"Солтүстік Қазақстан ЭТК" АҚ	Бұл да
"Талдықорған ЭТК" АҚ	Бұл да

министрлігі Жекешелендіру жөніндегі
департаменті директорының орынбасары

Мәдиев Б.М. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Мемлекеттік мүлік пен
активтерді басқару департаментінің
басқарма бастығы

Жанысов Е.Т. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Жекешелендіру жөніндегі
департаментінің басқарма бастығы

Барамысова Г.А. - Қазақстан Республикасы Энергетика
және табиғи ресурстар министрлігі
Электрэнергетика департаментінің
бөлім бастығы